

*К. И. ИБРАГИМОВА*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ**

*(KP ҰҒА академигі С. Сатыбалдымен ұсынылған)*

Қазіргі кезде Қазақстан классикалық экономикалық сценарий бойынша даму үстіндегі: оның салыстырмалы түрдегі экономикалық артықшылығы – пайдалы қазбалардың аса мол корларының болуымен байланысты.

Шикізаттық ресурстарды өндіру мен сыртқа шығарудың қарқынды дамуы 1990-шы жылдардағы экономика құлдырауының алдын алуға және одан кейінгі жылдары экономиканың жоғары қарқынмен өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазақстан экономикасының ілгері дамуы мемлекеттік саясатты шикізаттық өнеркәсіп салаларына шетелдік инвестицияларды тарту және қаржы саласында құрылымдық-институционалдық өзгерістерді жүзеге асыру бойынша жүргізумен байланысты.

Мемлекет пен жеке сектор экономиканың шикізат секторларынан елеулі кірістерге ие болып отырса да, экономиканың жана салаларын дамытуға қол жеткізе алмауда. Алайда ұзақмерзімдік болашақта шикізат корлары сарқылады да, пайдалы қазбалар кен орындары толық игерілген сон, тұракты даму барысында елеулі мәселелер туындаиды. Ресурска онша бай емес елдер үнемі өмір сүрудің ең шегінде тұрып, экономиканың

жана секторларын дамытуға ұдайы тырысып бағуда. Өндөлеттің өнеркәсіп салалары, сондай-ақ өндірістік сипатта қызмет көрсететтің салалар ойдағыдан дами алмай отыр.

Өндөлеттің өнеркәсіптің ішінде тек металлургия өнеркәсібі ғана сыртқырынокта бәсекеге қабілетті болып отыр. Тағам өнеркәсібінің кейбір өнімдері ішкірыноктағы өздерінің шетелдік тенденстерімен бәсекелесе алады, ал өндөлеттің өнеркәсіптің басқа өнімдері тұра және жанама қаражаттандыру есебінен қолдау көрсетілмейінше, бәсекеге қабілетсіз қүйінде қалып отыр.

Қазақстанда экономикалық құрылымды өтраптандыру үшін мұнайгаз өнеркәсібіне жылдан жылға артығымен салынып жатқан инвестиция көлемі қолайлы жағдай туғызып отыр.

Осыған байланысты индустріяны дамытудағы басты қозғаушы «локомотивтердің» бірі қазақстандық Каспий тенізі секторын (ҚКТС) игеру болып табылады. Алдын ала жасалған бағалаулар бойынша мұндағы көмірсүтегінің жалпы коры 8,0 млрд тоннаны құрайды және Қазақстандағы көмірсүтегі өндірудің мейлінше артуын қамтамасыз ете алады деп топшыланып отыр.

Келешекте қайрандағы кен орнында мұнай өндіру көлемі жылына 150-200 млн тоннаға дейін

жетеді және 25-30 жыл бойына осы бір деңгейде болады.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі тұзды кен орындары мұнайдың құрамында ерітілген газдың жоғары мөлшері, яғни 60%-дай болуымен сипатталады. Тек Қашаған кен орнындағы мұнайдан алынатын газдың коры Қарашиғанақ кен орнындағы кормен тенесе алады.

Каспий өнірі көмірсугегін өндірудің артуымен, магистральді, оның ішінде экспорттайтын мұнай және газ құбырларының, жүктерді сактауға және жөнелтуге арналған теніз порттары мен порттық құрылымы орындарының, теміржолдық мұнай құбытын және газ толтырылатын терминалдар салумен, электр энергетикасына және телекоммуникациялық инфрақұрылымға жаңа қуаттар енгізумен байланысты Қазақстанның жалпы экономикалық серпініне елеулі дәрежеде ықпал ететін инвестициялық және өндірістік белсенділігі барынша арта түсетін аймаққа айналады.

Каспийде көмірсугегі өндірудің дамуы мұнай химиясы индустриясына арналған отандық шикізат базасын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды. Қашаған кен орнының өнеркәсіптік аймағында ірі инвесторларды жұмылдыру арқылы ілеспе табиғи газды қайта өндеумен айналысатын мұнай химиясы кешенін салу жоспарланағып отыр. Бұл кешен сұйық құраластардың алуан түрлерін және этан, пропан, бутан, гексан, этилен, пропилен, ацетилен, бензол, ксиол және т.б. тәрізді алғашқы мұнай химиясының өнімдерін, сондай-ақ осылардың негізінде пластикалық массалар мен эластомерлер алуға мүмкіндік береді.

Каспий жағалауының инфракұрылымын дамыту тәмендегідей алғышарттарды белгілейді: демалыс және көніл көтеру орындарын, жүк тасымалдауға қатысты көлік шығындарын үнемдеу максатында теніз порттарын, баржалар, жүк, көсіпшілік және өскери корабльдер, құрал-жабдықтар мен тұрмыстық техниканың көптеген түрлерін шығаруға арналған машинажасау зауыттарын салу және т.б.

ҮКТ-ін дамыту бағытында шикізатты қайта өндеуді арттыра түсудің келешегі зор болмақшы.

Мұнай мен газды жан-жақты терендете қайта өндеу экономикасын қарлаптастыруда дерлік және тұрмыста қолданылатын полимерлік бүйімдардың шамамен 200 түрін өндіруге мүмкіндік береді. Осы бағытта ҮКТ-ін дамыту көспалалы

трансұлттық корпорацияның қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды.

Металлургия өнеркәсібінде ҮКТ-ін дамыту-дың келешегі зор. Қазақстанда құрамында Д. Менделеевтің периодтық жүйесіндегі элементтердің 100 шақтысы кездесетін минералды көндердің коры бар. Олардың ішінен 74 элемент КСРО кезінде өртүрлі өнімдер шығару үшін алынған болатын. Қазақстанның түсті металлургиясына қатысты өнімдер ғарыштық аппараттар, кару-жараптар, электрондық техника тәрізді ғылыми және жоғары технологиялы тауарлар шығаруда қолданылды.

Қазақстанда бұл салада бай ғылыми өлеуеттепен қатар, түсті металлургиялық кәсіпорындарда күрделі және жұтаң көндерден, кен шөгінділерінен, металлургиялық қождар мен қалдықтардан түсті, бағалы және сирек кездесетін металдардың көптеген түрлерін қайта өндеу арқылы алушы ғылыми-инновациялық негізdemесін енгізу тәжірибесі де жеткілікті деп айтуда болады. Металлургиялық қождар мен кен шөгінділерін қайта өндеудің жаңа технологияларын енгізу ортамерзімдік перспективаның өзінде-ақ жоғары үстемеленген құнды өнім алуға мүмкіндік береді.

Қазақстанға ағылып жатқан аса ірі инвестициялар түсті металлургия, химия және жиһаз өнеркәсібінің өнімдеріне деген сұранысты барынша арттыра түседі. Қазақстанда мұнайды, газды және металдарды тереңдете қайта өндеудің нәтижесінде осылардың барлығын өндіруге болады. Уақыт өте келе бұл өнім өлемдік рынокта өзіне лайықты орынды табатындығында дау жок.

Қазақстан өлемдегі аса ірі астық өндірушілердің бірі болып табылады. Астықты қайта өндеу процестерін тереңдете көспалалы ҮКТ-ін құрудың үйітқы базасы бола алады. Мұндай тізбекті дамыту бағыттары астықты қайта өндеудің технологиялық процестерін тереңдетуде де, сол сияқты мал азығын өндіруді, малшаруашылығын, ет-сүт өнімдерін өндіруді дамытуда да айқын анғарылады. Сонымен қатар, ҮКТ-нің құрамына элеваторлар, ауылшаруашылығы техникасын және минералды тыңайтқыштар шығаратын зауыттар, табиғи тағамдық бояғыштар, дәрі-дәрмектер, биотехнологиялық өнімдер өндіретін кәсіпорындар және т.б. кіреді.

Қазақстан экономикасының құрылымын өртараптандырудың және оның экспортқа бағытталуының көрсетіліп өткен бағыттары өлеуеттілік

тұрғысынан басым болып табылады. Алайда ұснылып отырған жобаларға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі түпкі шешімді ҮҚТ әдісі бойынша аталған өнімдерді анағұрлым тереңдете қайта өндеуді дамытуда кездесуі ықтимал бәсекелес артықшылықтарды іштей жіліктеп талдап алған сонғана қабылдаған жөн.

Мемлекеттік инвестициялық саясат индустримальдық дамудың маңызды буыны болуы қажет. Оның негізгі мақсаты – қаржыландыру қоздері мен қолдау көрсетудін тиісті тетіктерін және инвестицияларды мемлекеттің араласуынсыз жеке сектор өз бетінше игерे алмайтын жобаларға тартылуын анықтау болып табылады.

Мемлекеттік инвестиациялық саясат шикізаттық емес өндірістерді дамыту мақсатында жеке инвестиацияларды ынталандыру және мемлекеттік инвестиацияларды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар кешенімен бірге жүргізуі керек.

Бағдарлама аясында мемлекеттік инвестиациялық саясаттың барлық мүмкін болатын тетіктерін пайдалану топшыланып отыр.

Соңғы 5 жылда (2004-2008 ж.) металлургия, машинажасау, жenіл, жиһаз, тағам, фармацевтика, қағаз және басқа да өнеркәсіптегін қайта өндайтін салаларын дамытуға жыл сайын 183 млрд теңгеден 363 млрд теңгеге дейін бөлінсе, ал мұнай өндіру саласына - 486 млрд теңгеден 830 млрд теңгеге дейін бөлінген. Инвестиция құрылымындағы мұнай өндіру саласының өнеркәсіп бойынша негізгі капиталдағы үлесі 57,5%-ды құрады. Дегенмен жеке инвестиацияның жер қойнауын игеруге жұмысалатын елеулі бөлігіне қарамастан, олар экономиканың өзге де салаларын дамытуға жеткілікті дәрежеде мультиплікативтік әсерін тигізе алмай отыр. Мұндай әсерге кол жеткізу мақсатында жер қойнауын игерушілермен шарт жасасқан кезде инвесторлардың ілеспе қайта өндеуші өндіріс орындарын ашуға және дамытуға түсken пайданың бір бөлігін салып отыруы, отандық өндірушілерден құралжабдықтар мен қосалқы бөлшектер алуға тапсырыстар беру бойынша міндеттері ескерілуі тиіс.

Қайта өндайтін өнеркәсіп, оның ішінде, әсіресе инновациялық сектор салалары, жеке инвестор үшін онсыз да тиімсіз болып қала береді. Осыған байланысты мемлекеттің міндеті – жеке инвестиацияларды қайта өндайтін салага тарту үшін қолайлы инвестиациялық ахуал жасау болып табылады.

Мемлекеттік инвестициялар құрылымдық үйлесімділікке өсер ету бағытында пайдаланылуы қажет. Осыған байланысты мемлекеттік қолдау көрсетілетін құрылымдық басымдықтарды таңдау мәселесі туындаиды. Мұндай басымдықтарды таңдау төменде көрсетілген қажеттіліктерге негізделеді:

- басқа өндіріс орындарын инвестиациялауға арналған валюталық қаржы қоздерінің түсін қамтамасыз ететін экспорттық әлеуетті дамыту;

- республиканың өмір сүру жүйесі мен әлеуметтік саласын құрайтын экономика секторларын дамыту;

- сыртқы және ішкі рыноктарда жоғары сұранысқа ие болатын бәсекеге қабілетті өнімдер өндіретін өндірістер мен салаларды инвестиациялау;

- дайындық деңгейі жоғары өнімдер шығаратын өндіріс орындарын инвестиациялау;

- жеке инвесторларды қандай да бір себептермен қызықтырмайтын (бастапқы салымдар мөлшері қомақты, күтілетін нәтиженің айқын болмауы, рентабельділігі төмен және т.б.) аса манызды өндіріс орындарына қолдау көрсету;

- қоршаған ортаны ластандырмайтын немесе экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған өндіріс орындарын инвестиациялау.

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету инвестиациялау басымдықтарын таңдаудағы аса манызды критерий болуы керек. Осыған байланысты басымдық мыналарды қамтамасыз ететін жобаларға ие болуы тиіс:

- инфрақұрылымдық салаларды дамыту, ғылыми және түпкі өнімдер шығару есебінен бәсекелестігі жоғары экономиканы қалыптастыру үшін технологиялық база жасау. Жалпы ел экономикасының бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыра алатын басым салалар мұнай химиясы өнеркәсібі, биотехнологиялар, полимерлік материалдар және т.б., дәрі-дәрмектер мен медициналық құрал-жабдықтар шығару, машинажасау өнеркәсібінің кейбір бағыттары (мысалы, мұнай өндіретін кондырғылар);

- өнеркәсіптең (энергетика, тігін және т.б.) іске қосылмай тұрған аса ірі қуаттарды барынша пайдаланудын, сол сияқты қаржы айналымы мен түсімділігі жоғары, аз қаржы жұмысалатын (негізінен, тағам және женіл өнеркәсіп) өндіріс орындарын дамыту үшін бос өндіріс аландарын жаңғырту негізінде экономикалық жағдайды жандандыру процесін тұрактандыру;

— экономиканың накты бір секторында да-  
йындық деңгейі жоғары өнімнің үлесін өндірісте  
және жалпы тұтынымда пайдалану үшін арттыра  
отырып, шикізатты жан-жақты тереңдете және  
кешенді түрде қайта өндеу мақсатында өндірістік  
аппаратты түбекейлі қайта өзгерту;

— акпараттық жүйелердің соңғы буындарын  
дамыту және елдегі білім беру деңгейін арттыру;

— туризм индустриясын дамыту үшін жағдай  
жасау және қажетті серпін беру;

— экспортты өртаратандаруды көрсетілетін  
қызметтер есебінен, ең алдымен, Қазақстан  
аумағы арқылы өткізу саласындағы көрсетілетін  
қызметтер есебінен күшейту.

Индустримальдық-инновациялық дамыту са-  
ласында жүзеге асырылатын мемлекеттік инвес-  
тициялардың негізгі көздері республикалық және  
жергілікті бюджет қаржылары, сонымен катар  
мемлекет қарамағындағы кәсіпорындардың қар-  
жылары (мемлекеттік қаржылық даму үйымда-  
ры, ұлттық компаниялар, мемлекеттік кәсіпорын-  
дар) болып табылады.

Бюджеттік инвестициялардың басымдықта-  
рының ішінде индустримальдық-инновациялық  
дамуға арналған интеллектуалдық және инфра-  
құрылымдық негізді құрайтын салалар қалуы  
тиіс. Яғни, бюджеттік инвестициялар қажетті  
базальқ және әлеуметтік инфрақұрылымды дамы-  
туға бағытталуы керек. Оның болуы жоғарытех-  
нологиялық өндіріс орындарын қалыптастырудың

аса маңызды косымша шарты болып табылады  
және өнірлердегі іскер және инвестициялық  
белсенделіктің күшіне түсіне ықпал етеді.

## ӘДЕБІЕТ

1. Статистический ежегодник Казахстана. Алматы, 2008. 417 с.
2. Инвестиционная деятельность в Республике Ка-  
захстан. Алматы, 2003. 316 с.
3. Нурланова Н., Бейсембина А. Оценка потенциаль-  
ных инвестиционных возможностей регионов // Эконо-  
мика и статистика. 2001. № 3. С. 35-39.

## Резюме

Обосновываются основные приоритеты развития несырьевого сектора Казахстана, рассматриваются возможности привлечения инвестиций в развитие нефтехимической индустрии, формирование цепочек добавленной стоимости в металлургической и пищевой промышленности, машиностроении, сельском хозяйстве. Даются предложения по созданию благоприятного инвестиционного климата.

## Summary

The article is dedicated to the main priorities substantiation of development of non-extraction economic sector of Kazakhstan. The opportunities of attracting investments in development of petrochemical industry and for forming added value chains in metallurgy, food processing industry, machinery construction and agriculture are considered. The proposals for creation of favorable investment climate are given.